

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/HXDG5690>

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/EHLC2286>**\*Е. Б. Асанбаева**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

**КИНО ДИСКУРСЫ НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ  
ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУЫ**

*Мақала заманауи білім беру жүйесінде тілдік пәндерді оқытуда қолдануға болатын қызықты әрі тиімді оқыту жолы – кино дискурсы арқылы оқыту мәселесін назарға алады. Ол жаңа тақырыпты меңгертуде көрнекі құралдардың бірі бола тұра, білім алушылардың қызығушылығын оятып, назарын өзіне шоғырландыратын әрі тілді оның шынайы қолданысында көрсететін айрықша табиғатқа ие. Кинофильмдердің мұндай ерекшелігін байқаған ұстаздар мен әдістемеші ғалымдар оларды білім беру үдерісінде кеңінен қолданып, тілдік дағдыларды дамытуға арналған түрлі жаттығу жұмыстарын ұсынуда. Кино дискурсы негізінде білім алушылардың тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларын дамытуға зор мүмкіндіктер бар. Аталған құрылымның мұндай лингводидактикалық мүмкіндіктері шетел тілдерін оқыту әдістемесінде жақсы зерделеніп, кең қолданыс тапқанымен, қазақ тілін оқытуда әлі де жіті зерттелмеген, көңіл бөлуді қажет ететін мәселелердің бірі болып саналады. Бұл мақалада біз кино дискурсының тілдік тұлғаның жазылым дағдысын дамытудағы әлеуетін назарға алып, сабақта ұсынуға болатын жаттығу жұмыстарына тоқталамыз. Мысал ретінде қазақ тілінде түсірілген бірнеше кинофильм мен мультфильм алынды. Оларды тамашалаған білім алушылардың жазылым дағдыларын жетілдіруге арналған жұмыс түрлері сараланып, әрқайсысының нәтижелелігі мен тиімділігі талданады.*

*Кілтті сөздер: кино дискурсы, кинофильмдер, тілдік тұлға, жазылым дағдысы, қазақ тілін оқыту*

**Кіріспе**

Кинофильмдер – тілдік пәндерді оқытудағы ең көрнекі құралдардың бірі. Олар білім алушыларды көптеген қажетті материалдармен таныстырып қана қоймай, олардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады және

жаңа материалды жақсы қабылдауға негіз болады. «Оқушылар тілді әсіресе бейнематериалдар арқылы үйренуді ұнатады, осыған орай тіл мұғалімдері бұл материалдарды оқушыларды ынталандыратын құрал ретінде қарастырады» [1].

Кинофильмдердің ағылшын тілін оқыту кезіндегі артықшылықтарын зерттеген ғалым Дж. Кинг: «Фильмдер көптеген себептер бойынша оқытудың баға жетпес көзі саналады: олар жасанды жағдайларда емес, нақты контексттегі ағылшын тілін көрсетеді және студенттерді тілдегі түрлі сленгілер, сөйлеу қарқыны, екпін және диалектілердің кең қатарымен таныстырады», - дей келе, аталған материалдарды сабақта ұтымды қолдану мәселесіне ден қою керектігін айрықша көрсетеді [2].

«Фильм оқиғаны жеткізу қабілетімен білім алушыларды өзіне тартып, ықыласына ие болады. Ол кескінді суреттер ағыны негізінде мәнмәтін туғызып, сонымен тілді қолжетімді ете түседі» [3]. Бұндай бейнематериалдар тілді «мәнмәтін (контекст) мен дискурс аясында ұсынып» [4, 138], паралингвистикалық қырынан ашып көрсетеді [5]. Яғни кинофильмдер тілдің шынайы тұрмыстағы, нағыз өмірлік жағдаяттағы қолданысын көрсетіп, сонымен қатар сол тілдегі вербалды сөйлесімнен басқа ым-ишара, дауыстың жоғарылығы мен эмоционалды реңкі т.с.с. қосымша аспектілерді қамтиды. Тілдің мұндай қырлары дәстүрлі оқу құралдары арқылы жүргізілетін білім беру үдерісінде кенжелеп қалып қояды, дегенмен бұл аспектілер тілді толық меңгеруде өте маңызды.

Кинофильмдердің шетел тілін оқытудағы қолданысы еуропалық және американдық ғалымдардың назарына ерте ілікті. 1947 жылы Заманауи Ұлыбритания тілі қауымдастығының төрағасы Дж.Э. Трэвис тілді үйрену мен оқытудағы кинофильмдердің қолданысы бойынша зерттеулерді бастау қажеттігі туралы айтып кетті. Автор өз мақаласында «кино проекциялау аппараты қымбат және өте үлкен болған» кездің өзіндегі фильмдерді пайдаланудың мүмкіндіктері мен әлеуетін зерттеді. Сол уақыттан бері біз технологияның қарқынды дамуы мен тіл үйретуде аудиовизуалды материалдарды кеңінен қолдану үдерісін бақылап келеміз. Осы уақыттан бастап шетел тілін оқыту әдістемесінде кинофильмдерді қолдану бойынша ауқымды зерттеулер жүргізілді [6, 17]. Шекспирдің театрлық қойылымдары сияқты режиссер де кино арқылы тілді мәнмәтін аясында ашып, қоғамдағы әлеуметтік нормалар, ұлттық-мәдени ерекшеліктерді көрсетеді [7, 130].

Осылайша әлем бойынша кинофильмдер мен түрлі аутентивті бейнематериалдарды шетел тілін оқыту үдерісіне белсенді енгізу және бұл әрекеттің дидактикалық, психологиялық негіздерін зерделеу мәселесі қарқынды жүріп жатқандығын атап өткеніміз жөн. Ал қазақ тілін оқыту әдістемесінде мұндай заманауи аудио-бейнематериалдарды қолдану, олардың

лингводидактикалық, прагматикалық т.б. мүмкіндіктері әлі де жеткілікті деңгейде назарға алынбай келеді.

Түркиялық зерттеуші педагог Бетүл Бал-Гезегин өзінің тәжірибесінде кинофильмдермен жұмыс жасау оқушылардың тыңдалым дағдысын дамытып қана қоймай, жазылым әрекетін және жалпы ойлау әрекетін де белсенді ететіндігін айта келіп, өзінің оқыту тәжірибесінде көз жеткізген нәтижелерімен бөліседі: «Мен оқушыларыма сөз қозғау керек тақырыпқа қатысты кішігірім видео көрсеткенде, олар көбірек жазып, өздерінің ойларын жақсырақ жеткізетіндігін байқадым» [8]. Осылайша, кинофильмдер сабақ барысында тіл үйренушілерге аутентивті оқу материалдарын ұсынып, олардың зейіні мен қызығушылығын оятады әрі белсенді ойлау (сәйкесінше, үйрену және есте сақтау) әрекетін іске қосады. Бейнефильмдердің мұндай әлеуеті оларды тілдік пәндерді оқытуда кеңінен қолдануға арқау болады.

### **Материалдар мен әдістер**

Білім алушылардың жазылым дағдысын дамыту жұмыстарына айрықша назар аударудың маңыздылығы жаһандану заманының лебімен айқындалады [9]. Жас ұрпақ интернет арқылы әлеуметтік желілерде, мессенджерлер мен түрлі форумдарда қарым-қатынасқа түсіп әбден үйренген. Ал ондай қарым-қатынас түрі, әдетте, жылдамдық пен мәтіннің қысқалығына негізделеді. Мұндай жағдайда грамматикалық нормалар, логикалық құрылым, стильдік ерекшеліктер екінші орынға шегеріледі. Осындай коммуникация түріне түсіп машықтанған тұлғалар күнделікті өмірде қажетті іс қағаздарын (өмірбаян, өтініш, түсініктеме, сенімхат, қолхат т.б.), эссе, шығарма сияқты жазбаларды жаза алмай қиналуы сирек емес. Осы орайда мектепте, колледждер мен жоғары оқу орындарында тілдік пәндерде жазылым дағдысын жетілдіруге көп көңіл бөлген жөн.

Жаһандану үдерісі қаншалық белең алып, цифрландыру барынша қарқынды дамыса да, кез келген тілдік тұлғаның сауатты жаза білуі, өз ойын қағаз бетіне анық әрі ұғынықты етіп түсіре алуы өзінің өзектілігін ешқашан жоғалтпайды. Жұмыс іздеу мен оған орналасу, балаларды балабақша не мектепке беру, банкте я басқа жерде қаржы құжаттарын толтыру және басқа да сан алуан жағдайларда жазылым дағдыларының озық деңгейде болуы қажет екені хақ.

Қазақ тіл білімінде құнды зерттеулер қалдырып кеткен ғалым Құдайберген Жұбанов жазылым дағдысына, жазбаша мәтінге үлкен мән берген. Тілші ауызша сөйлеудің ерекшеліктерін айта келіп: «жазулы сөзде бұл кемшіліктердің бірі де жоқ. Кітаптың сөзі қисық болсын, дұрыс болсын, қалай жазылған болса, солай оқылады, қалай оқылса, солай түсініледі немесе түсініксіз күйімен қалып қояды... сондықтан, әсіресе, жазылатын сөздің қалай құру тетігін білу өте қажет», – деп жазады [10, 148].

Сабақта тілдік тұлғаның аталмыш дағдысын жетілдіруде дәстүрлі оқулықпен/мәтінмен жұмысқа қарағанда заманауи әдіс-тәсілдерге жүгіну анағұрлым тиімді. Мұндай әдіс-тәсілдердің қатарына кинофильмдермен жұмысты жатқызуға болады.

Кино дискурсы негізінде білім алушылардың жазылым дағдыларын қалай дамытуға болатындығын тәжірибе жүзінде байқау үшін бұл мақалада біз нақты бірнеше бейнефильмді алып, оларды көрген соң қандай жаттығуларды орындауға болатындығына тоқталуды жөн көрдік. Мысал ретінде «Сынық құмыра», «Жомарт пен сараң» мультфильмдері және «Жамбыл», «Қыз Жібек», «Біржан сал» кинофильмдерінен үзінділер алынды. Жұмыс барысында бақылау, саралау, талдау, жинақтау және бағалау әдістері қолданылды.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Кино дискурсымен жұмыс жасау арқылы білім алушылардың жазылым дағдыларын дамытуға айрықша басымдық беруге болады. Жоғарыда атап өткеніміздей, алдымен шағын бейнесюжет көріп барып, жазу жазатын оқушылар бірден жазуға кірісіп кететіндерге қарағанда анағұрлым көп әрі бейнелі жазады.

Жазылымға арналған жаттығулардың ең қарапайым түрі – жоспар құрастыру. Білім алушылар кинофильмді көріп болған соң оның мазмұнын ой елегінен өткізіп, ойша шағын бөліктерге бөліп, әр бөлікке өзінше атау беруге тырысады. Осы іспеттес жеңіл тапсырма – сұрақтарға жауап беру. Айтылым дағдысында оқытушы сұрақтарға жауап бергізу арқылы білім алушылардың сауалды дұрыс түсініп, оған қолма-қол жауап беру үшін сөздік қорының актив қабатындағы бірліктерді орынды жұмсай білуіне назар аударады. Ал жазылымға келгенде, олардың сөйлемді грамматикалық тұрғыда дұрыс құрастырып, сөздерді орфография ережелеріне сай жазып, сондай-ақ сөздік қорларының пассив қабатындағы бірліктерді де қолдана алуына көңіл бөледі:

- Апаның берген жауабынан оның қандай қасиеттерін көруімізге болады? («Сынық құмыра»);
- Жарық құмыраның артықшылығы не екен? («Сынық құмыра»);
- Екі достың жүріс-тұрысы, мінез-құлқына қандай сипаттама беруге болады? («Жомарт пен сараң»);
- Сараң өзінде бар су мен тамақты жемей, досының асын неге сұрады? («Жомарт пен сараң»);
- Жамбылдың әкесі ақындық жайлы қандай пікірде болды? («Жамбыл»);
- Сәкен Сейфуллин мен Күләш Байсейітова Жамбылдан не үшін сүйінші сұрайды? («Жамбыл»).

Бейнефильмді біраз көріп барып, бір кейіпкердің сөзі басталатын кезде тоқтатып, оның айтар лебізін білім алушыларға алдын ала болжатып,

жаздыруға болады. Барлығы өздерінің нұсқаларын оқып болғаннан кейін фильмдегі кейіпкердің сөзін қосып, кімнің нұсқасы сәтті шыққанын анықтайды. Осы іспеттес тағы бір тапсырма – кинофильмді толық көріп болған соң ондағы кейіпкерлердің диалогтерін еске түсіріп жазу. Мұны әр оқушы жеке орындауы да, жұппен орындауы да мүмкін.

Тіл үйренушілерді ойландырып, анализ жасауға әрі осыған дейін үйренген тілдік бірліктерді қолдана білуге итермелейтін тапсырма түрлері – мінездеме беру, кейіпкерлерді не оқиғаларды салыстыру, табиғатты суреттеу т.с.с.:

- Бейнефильмдегі жас Жамбыл мен ақсақал Жамбылдың сыртқы келбет-пішінін, жүріс-тұрысын сөзбен суреттеп, сипаттау үлгісіндегі мәтін құрастырыңыз («*Жамбыл*»);

- Жомарт ханды емдеу үшін оның сарайына барады. Хан сарайының ішкі көрінісін сөзбен сипаттап беріңіз («*Жомарт пен сараң*»);

- Қыз Жібектің қос батырдың арасындағы дауды қалай шешкеніне қарап, оған мінездеме беріңіз («*Қыз Жібек*»).

Тыңдалымның көрсетілімге дейінгі кезеңінде оқытушы кино дискурсы барысында реципиент үшін қиындық тудыруы мүмкін сөздердің тізімін алдын ала беріп, олардың мағыналарын ашып түсіндіреді. Көрсетілімнен кейінгі кезеңде жаңа сөздерді бекіту әрі тіл үйренушілердің жазылым дағдыларын жетілдіру үшін оларды қатыстырып жазбаша сөйлем (A1, A2) не жүйелі бір әңгіме/мәтін (B1, B2) құрастыртқан дұрыс.

Аудитория назарына ұсынылатын бейнебаян қандай да бір фильмнің шағын үзіндісі болса, ондағы оқиғаның әрі қарай қалай жалғасатынын студенттердің өзіне болжатуға болады. Мұндай тапсырманы үйге берген жақсы. Сонда білім алушылар қиялдарына ерік беріп, өздерінің жазған нұсқаларында сөздік қорларын барынша көрсетуге тырысады.

Сол сияқты кино дискурсы барысында кездескен қызықты ойлар, мақал-мәтелдер, кейіпкерлердің сөздеріне жекеше тоқталып, олардың төңірегінде ой қозғауға болады:

- Автордың: «Расында, біздің әрқайсымыздың өзімізге тән ерекшеліктеріміз, кемшіліктеріміз бар. Иә, басқа адамның кемшілігінен артықшылық көре алатын жан қандай мықты, қандай бақытты жан!», – деген сөзін қалай түсінесіз? Осы сөздерге үлгі болатын басқа мысалды ойлап тауып, шағын ертеге не әңгіме құрастырыңыз («*Сынық құмыра*»);

- Біржанның ағасы: «Біржан, не істесең де, артын ойлап істе! «Ел бүлігі» атанасың. Залалың бүкіл тұқымға тиеді», – деп не айтқысы келді? Оқиға қалай өрбігенде бұл сөздер шындыққа айналатын еді? («*Біржан сал*»);

Әрі шығармашылық ойлау мен креативтілікке жетелейтін, әрі тіл үйренушілердің жазылым дағдыларын біршама жетілдіруге негіз болатын

тапсырма түрі – өздік жұмыс. Оқытушы сабақ жоспарына, ерекше екіпін қойғысы келетін тақырыптарға сәйкес бұл тапсырма түрін әр алуан етіп түрлендіре алады, мысалы:

- Ерекше шөпті алдымен жомарт емес, сараң жейтін болса, ертегінің желісі қалай өрбитінін өзіңіз ойланып жазып көріңіз («*Жомарт пен сараң*»);

- Жамбыл Жабаев және бейнефильмде көрсетілген Кенен Әзірбаев, Темірбек Жүргенов, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Күләш Байсейітова сияқты тұлғалар туралы не білесіз? Олар туралы білетін деректеріңіз бен осы фильмдегі бейнелері негізінде олардың бірі жайлы таныстырылым (слайд, реферат, мақала т.с.с.) әзірлеңіз («*Жамбыл*»);

- Фильмде Жамбыл: «Менің пірім – Сүйінбай», – деп, өзінің пірі, ұстазы – Сүйінбай Аронұлын жоғары дәріптегені бірден көрінеді. Ал сіздің пір тұтатын ұстазыңыз, ерекше сыйлайтын тұлғаңыз бар ма? Оның кім екенін айтып, оған арнайы өлең не хат арнап жазыңыз («*Жамбыл*»).

Сонымен қатар студенттердің фильмнен алған әсерлері негізінде сыншы болып пікір жазуларына болады. Бұл олардың функционалды стиль түрлеріне сәйкес әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазып үйренулеріне көмектеседі. Аса әсерлі әрі көркем фильмдердің желісімен түрлі эссе (сыни, дәлелдемелік, аргументтік, әдеби т.б.) не шығармаларды жазғызу да білім алушылардың тілдік тұлғаларын дамытуда маңызды орын алады.

Қандай да бір әдеби шығармаға негізделіп түсірілген кинотуынды (мысалы, «Менің атым Қожа») болса немесе бір фильмнің бірнеше түсірілген нұсқасы (мысалы, «Қыз Жібек» фильмі және осы аттас анимациялық фильм) болса, оларды өзара салыстырып, Венн диаграммасы, «Балық қаңқасы» сияқты әр алуан кестелі тапсырмаларды да жазбаша орындау сабақты қызықты өткізуге сеп тигізеді.

### **Қорытынды**

Көріп отырғанымыздай, кино дискурсы негізінде жазылым дағдысын дамытуға арқау болатын жаттығу жұмыстарының әр алуан түрлерін ұсынуға болады. Басқа оқу құралдары мен әдістеріне қарағанда кинофильмдер арқылы тілді оқыту әдістемесі аса тиімді: ол білім алушылардың қызығушылығын оятып, назарын шоғырландыруға негіз болады, сондай-ақ тілдің шынайы қолданысын көрсетіп, әртүрлі динамикалық көркем сюжеттер арқылы олардың берілген тақырып бойынша ой қозғап, жазбаша қағаз бетіне түсіруге түрткі болады.



## Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Canning-Wilson, C. & Wallace, J.** Practical Aspects of Using Video in the Foreign Language Classroom – The Internet TESL Journal, Vol. VI, №. 11, November 2000. – P. 23–40.

2 **King, J.** Using DVD feature films in the EFL classroom. Computer Assisted Language Learning, 15(5). – 2002. – P. 509–523.

3 **Maley, A.** Film. (6th ed.) Oxford: Oxford University Press, (Foreword). – 2010.

4 **Geddes, M., White, R.** The use of semi-scripted simulated authentic speech in the listening comprehension. Audiovisual Language Journal 16. – 1978. – P.137–145.

5 **Stempleski, S. & Arcario, P.** Video in second language teaching: using, selecting and producing video for the classroom. Alexandria: TESOL Publications. – 1992. – P.192.

6 **Lowe, M.** Films in English Language Teaching. IH Journal Issue 23, Autumn 2007. – P. 16–19.

7 **Dana Di Pardo Léon-Henri.** Teaching Foreign Languages through the Analysis of Film and Television Series: English for Legal Purposes. Vol. XXXI N° 2. 2012. – P. 126-139

8 **Betül Bal-Gezgin.** An Investigation Of Using Video Vs. Audio For Teaching Vocabulary. Procedia - Social and Behavioral Sciences 143. – 2014. P. 450-457.

9 **Вторушина, Н. Ю.** Письмо и письменная речь в обучении иностранному языку. – Альманах современной науки и образования. — Тамбов: Грамота. – 2010, № 1(32). В 2 ч. Ч. 2. – 156 с.

10 **Жұбанов, Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы : Ғылым, 1966. – 360 б.

## Қосымша

Жаттығу жұмыстарында негізге алынған бейнефильмдер мен олардың сілтемесі:

1) «Сынық құмыра» мультфильмі – <https://www.youtube.com/watch?v=1UjrGiUgr2w>

2) «Жомарт пен сараң» мультфильмі – <https://www.youtube.com/watch?v=-riicEa3E-Q&t=540s>

3) «Біржан сал» кинофильмі – <https://www.youtube.com/watch?v=DB4srI8Xq-g>

- 4) «Жамбыл» кинофильмі – <https://www.youtube.com/watch?v=DyAH0EXEal&t=121s>
- 5) «Қыз Жібек» кинофильмі – <https://www.youtube.com/watch?v=WnCUXrUiIbc>

## References

- 1 **Canning-Wilson C. & Wallace, J.** Practical Aspects of Using Video in the Foreign Language Classroom – The Internet TESL Journal, Vol. VI, No. 11, November 2000. – P. 23–40.
- 2 **King, J.** Using DVD feature films in the EFL classroom. Computer Assisted Language Learning, 15(5). – 2002. – pp. 509–523.
- 3 **Maley, A.** Film. (6th ed.) Oxford: Oxford University Press, (Foreword). – 2010.
- 4 **Geddes, M., White, R.** The use of semi-scripted simulated authentic speech in the listening comprehension. Audiovisual Language Journal 16. – 1978. – pp. 137–145.
- 5 **Stempleski, S. & Arcario, P.** Video in second language teaching: using, selecting and producing video for the classroom. Alexandria: TESOL Publications. – 1992. – P.192.
- 6 **Lowe, M.** Films in English Language Teaching. IH Journal Issue 23, Autumn 2007. – pp. 16–19.
- 7 **Dana Di Pardo Léon-Henri.** Teaching Foreign Languages through the Analysis of Film and Television Series: English for Legal Purposes. Vol. XXXI № 2. 2012. – pp. 126–139
- 8 **Betül Bal-Gezegin.** An Investigation Of Using Video Vs. Audio For Teaching Vocabulary. Procedia - Social and Behavioral Sciences 143. – 2014. pp. 450–457.
- 9 **Vtorushina N. YU.** Pis'mo i pis'mennaya rech' v obuchenii inostrannomu yazyku [Writing and written speech in teaching a foreign language. – Almanac of modern science and education]. – Al'manah sovremennoj nauki i obrazovaniya. — Tambov: Gramota. – 2010, № 1(32). V 2 ch. CH. 2. – 156 p.
- 10 **Jūbanov, Q.** Qazaq tili jönindegi zertteuler [Research on the Kazakh language]. – Almaty : Ğylym, 1966. – 360 p.

Материал 12.12.22 баспаға түсті.

\*Е. Б. Асанбаева

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Астана

Материал поступил в редакцию 12.12.22.

## **РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ ПИСЬМА ОБУЧАЮЩИХСЯ НА ОСНОВЕ КИНОДИСКУРСА**

*В статье рассматривается вопрос обучения посредством кинодискурса – интересного и эффективного способа обучения, который может быть использован при преподавании языковых дисциплин в современной системе образования. Кинофильмы, являясь одним из наглядных пособий по освоению новой темы, имеют особую природу, пробуждающую интерес обучающихся, концентрирующую на себе внимание и отражающую язык в его подлинном повседневном использовании. Замечая такую особенность кинофильмов, учителя и ученые-методисты предлагают различные упражнения для развития языковых навыков, широко применяя их в образовательном процессе. На основе кинодискурса у обучающихся имеются большие возможности для развития навыков аудирования, говорения, письма. Несмотря на то, что подобные лингводидактические возможности кинодискурса хорошо изучены и нашли широкое применение в методике обучения иностранным языкам, в обучении казахскому языку данный вопрос до сих пор остается одной из наиболее актуальных проблем. В данной статье мы остановимся на работах, которые можно предложить на уроке, принимая во внимание потенциал кинодискурса в развитии навыков письма языковой личности. В качестве примера были взяты несколько кинофильмов и мультфильмов, снятых на казахском языке. Проанализированы формы работы по совершенствованию навыков письма у обучающихся, проанализированы результативность и эффективность каждой из них.*

*Ключевые слова: кинодискурс, кинофильмы, языковая личность, навыки письма, обучение казахскому языку*

\**E. B. Assanbayeva*

L. N. Gumilyov Eurasian National University,  
Republic of Kazakhstan, Astana  
Material received on 12.12.22.

## **DEVELOPMENT OF STUDENTS' WRITING SKILLS ON THE BASIS OF FILM DISCOURSE**

*The article deals with the issue of teaching through film discourse – an interesting and effective way of teaching, which can be used when teaching language disciplines in the modern education system. Films, being one of the visual aids for mastering a new topic, have a special nature that arouses the interest of students, concentrates attention on themselves and reflects the language in its genuine everyday use. Noticing this feature of films, teachers and methodologists offer various exercises for the development of language skills, widely applying them in the educational process. Based on the film course, students have great opportunities to develop listening, speaking, and writing skills. Despite the fact that such linguistic and didactic possibilities of film discourse have been well studied and have found wide application in the methodology of teaching foreign languages, this issue still remains one of the most pressing problems in teaching the Kazakh language. In this article we will focus on the works that can be offered in the lesson, taking into account the potential of the film course in the development of writing skills of a linguistic personality. As an example, several films and cartoons shot in the Kazakh language were taken. The forms of work on improving students' writing skills are analyzed, the effectiveness and efficiency of each of them are analyzed.*

*Keywords: film discourse, films, language personality, writing skills, Kazakh language teaching*

Теруге 12.12.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 20,66. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 3999

Сдано в набор 12.12.2022 г. Подписано в печать 30.12.2022 г.

Электронное издание

4,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 20,66. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 3999

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)